

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

Әскери және арнайы-тактикалық даярлық кафедрасы

АТЫС ДАЯРЛЫҒЫ

№9 «Спорттық қарудың құрылымы» тақырыбы бойынша
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМ

Дайындаған: полиция полковнигі
І.Б.Нысанқұлов

Қарағанды қ.2016 ж.

Оқу-тәрбиелік мақсаты:

1. Курсанттарға спорттық қарулардың арналуы мен ұрыстық қасиеттерін таныстыру.
2. Курсанттарға спорттық қаруларды өздігімен бөлшектеу мен жинауды үйрету.
3. Курсанттардың қаруға деген қызығушылығын арттыру.

Сабак түрі: тәжірибелік

Әдісі: әңгіме жүзінде түсіндіру, көрсету

Өткізілетін орын: атыс даярлық сыныбы

Оқулық сұрақтар:

1. Спорттық қаруларды оқып білу барысындағы қауіпсіздік шаралары.
2. Шағын калибрлі винтовка:
 - а) 5,6мм шағын калибрлі винтовканың арналуы мен құрылымы және ұрыстық қасиеті;
 - ә) винтовканы бөлшектеу және жинау тәртібі.
3. Қысқа ұңғылы спорттық қару
 - а) қысқаша сипаттамасы және түрлері
 - ә) шағын калибрлі тапаншалардың жалпы құрылысы
 - б) Марголин тапаншасын толық емес бөлшектеу және жинау тәртібі
4. Атыс кезіндегі кідірістер, қалпына келтіру әдісі
5. Қаруды тазалап майлау.

Материалдық қамтамасыз етілуі:

- Плакаттар, шағын калибрлі винтовканың материалдық бөлігі туралы сұлбалар.
- Плакаттар, кең калибрлі қызметтік тапаншалар мен револьверлердің материалдық бөліктері туралы сұлбалар.
- Плакаттар, өзіндік құрастырылған шағын калибрлі тапаншалардың материалдық бөлігі туралы сұлбалар.
- Оқулық шағын калибрлі ТОЗ-8, ТОЗ-12, МЦ-13-2, «Зенит-3» винтовкалары.
- Шағын калибрлі ИЖ-ХР-30 мен «Марголин» тапаншалары.
- Спорттық шағын калибрлі ұзын патронды ИЖ-ХР-30, «Марголин», «Әртүрлі сипаттағы шағын калибрлі ТОЗ- 35,МЦ-2-3» тапаншаларға арналған плакаттар мен сұлбалар.
- Пневматикалық МЦ-50-2 тапаншасының сұлбасы мен плакаты.
- Қаруларды тазалауға және майлауға қажетті материалдар мен жабдықтар.
- Көрсету арналған таяқ.
- Бор.
- Слайды.
- Мультимедия+презентация

Әдебиеттер:

- 1.1995. 30.08. Қазақстан Республикасының Конституциясы.
- 2.«Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының 2014жылғы 23 сәуірдегі N 199-V Заңы.
- 3.“Құқық қорғау қызметі туралы”Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы №380- IV заңы (ҚР 23.04.2014 N 200-V, ҚР 29.10.2015 № 374-V толықтырулар мен өзгертулер).
- 4.“Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдарында кәсіби қызметтік және дене шынықтыру даярлығын ұйымдастыру туралы” Қазақстан Республикасы ПМ 2013 жылғы 06 наурыздағы №10 қбпү бұйрығы.
- 5.Ішкі істер органдары қызметкерлерінің атыс қаруларын қолдануғы құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері мен оларды атыс ережелеріне үйрету әдістемесі. Ақмола, 1998 .
- 6.Нысанқұлов І.Б. «Атыс дайындығы» оқу құралы. Қарағанды,2008
8. Нысанқұлов І.Б. «Атыс даярлығы» оқу құралы. Қарағанды,2012
- 9.С.Н. Солохин Учебное пособие по огневой подготовке. «Огневая подготовка сотрудников ОВД». Алматы 2003г.
- 10.Ішкі істер органдары қызметкерлерінің атыс қаруларын қолдануғы құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері мен оларды атыс ережелеріне үйрету әдістемесі. Ақмола, 1998.
11. И.А. Дворяка Боевая подготовка работников ОВД. М. 1991.
12. Потапов А. Приемы стрельбы из пистолета. Москва-2005

ӘДІСТЕМЕЛІК-ҰЙЫМДАСТЫРУҒА НҰСҚАУЛАР

Дәл мергендікпен атып тигізу - бұл өнер, мұндай жетістікке жету үшін қажетті түрде қарудың материалдық бөліктерін, ату әдістері мен тәртіптерін оқып білу және де ұдайы жаттығу жасау. Атыс дайындығы ҚР ІІМ ЖО орындарындағы курсанттардың атыс дайындығының бөлігі болып саналып, адамдарды тәрбиелеудің жоғары шыдамдылық сапасын, ұстамдылық, қайсарлығы мен тәртіптілігін, сондай-ақ қажетті көзбен өлшеу, сенімділік пен қозғалыс дәлдігін дағдыландыру. Ең алғашқы ату қаруларынан атуды дұрыстап үйретуді қалыптастыру-бұл болашақта үлкен жетістіктерге жете отырып тез арада үйрегушілердің мергендікпен дәл атып тигізуге деген қызығушылығын арттырады. Атқышты дайындау көптеген кезеңдерден тұрады, олардың негізгілері болып: дайындалу, көздеу және шүріппені басу.

Спорттық және ұрыстық соғыс қаруларынан атыс кезінде бұл кезеңдерді орындауды салыстырсақ, өте ұқсас. Тек ұрыстық соғыс қаруларынан айырмашылығы, спорттық қарулар конструкциясының қарапайымдылығы, кері тебу кезеңінің әртүрлі болуынан шығарылатын қорытынды, спорттық қарулардың материалдық бөліктерін, ату әдістері мен тәртіптерін оқып үйреніп, алғашында спорттық қарулардан атып, содан кейін ұрыстық соғыс қаруына ауысу.

Қысқа ұңғылы спорттық қарулардың материалдық бөліктерін, және ату әдістері мен тәртіптерін оқып үйрену қысқа ұңғылы ұрыстық соғыс қаруларының алдында болуы керек. Осындай реттілік ұзын ұңғылы спорттық және ұрыстық соғыс қаруларын оқып үйренуде де сақталуы тиіс. Спорттық қарулардың материалдық бөліктерін оқып үйрену, атыс дайындық бағдарламасының негізінде мынадай ретпен жүргізіледі:

- қарудың ұрыстық қасиеті мен арналуы;
- жалпы құрылымы және жұмыс істеу принципі;
- қарды толық емес бөлшектеу және жинау тәртібі;
- қаруды тазалау және майлау;
- механизмдер мен бөлшектердің аталуы және арналуы;
- механизмдер мен бөлшектердің жұмыс істеулері;
- механизмдер мен бөлшектердің орташа жұмыс істеулерінің бұзылуы;
- қателік шаралары және атылмай қалуды қалыпқа келтіру;
- бөлшектенген және жинастырылған түрдегі қаруды қарап тексеру тәртібі,
- қарулар мен оқтарды атысқа дайындау;
- атуды тексеру және қаруды қалыпты атуға келтіру.

Үйренушілер спорттық қарулардың материалдық бөліктерін, сондай-ақ ату әдістері мен тәртіптерін оқып үйренгеннен кейін, міндетті түрде олардың дайындық деңгейін байқау қажет. Сабәк келесідей ретпен өткізіледі:

- шағын калибрлі винтовкалардың ұрыстық қасиеттері мен арналуы туралы әңгіме жүзінде түсіндіріп, плакаттан винтовканың негізгі бөлшектері мен механизмдері атауларын айтып көрсету.
- түсінгендерін білу мақсатында курсанттардан сұрау.

1. СПОРТТЫҚ ҚАРУЛАРДЫ ОҚЫП БІЛУ БАРЫСЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

Спорттық қарулардың материалдық бөліктерін оқу барысында ең бірінші жоғары тәртіптілікті, қару туралы білімі мен қолдана білу шеберлігінің жоғары деңгейде болуын, және қатаң түрде тәртіптер мен қауіпсіздік шараларын сақтауды қамтамасыз ету. Қарумен ең алғашқыда кез-келген іс-әрекеттер жасар алдында, міндетті түрде қарап тексеріс жүргізу-оқталған емес пе екенін (оқжатарда патрон жоқ па? Ұңғылықта ұрыстық патрон қалып қойған жоқ па екендігі).

Қаруды жеңіл ойлы алаңғасарлықпен қолдануға жол берілмейді. Атыс жетекшісінің рұқсатынсыз өз қаруын басқа біреуге беруге және бөтен басқа біреудің қаруын алуға, сондай-ақ ешқашан қаруды қараусыз тастап кетуге болмайды.

Қарудың оқталмағанын біле тұрса да адамдарға қаратып бағыттауға, көздеуге, ағытқыш ілмекті басуға болмайды.

Қаруды бөлшектеу кезінде бөліктері мен механизмдерін күштемей шығарып, қатты соққылардан сақтай рет-ретімен абайлап қою қажет. Жинау барысында бөлшектердің нөмірлеріне назар аударып, басқа қарулардың бөлшектерімен ауысып кетпеуін қадағалау.

ҚАРУДЫ ҚОЛДАНУ КЕЗІНДЕГІ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- Қарумен ең алғашқыда кез-келген іс-әрекеттер жасар алдында, міндетті түрде оқталған ба, жоқ па? - екендігіне көз жеткізу (оқжатарда және ұңғылықта патрон жоқ па? - екендігі);
- Қарудың оқталғанына және оқталмағанына қарамастан адамдарға және қажетті жағдай болмаса жануарларға көздеуге болмайды;
- Бөтен басқа біреудің қаруын алуға;
- Шүріппені тарту барысында (бекітпе жақтауы артқа кеткенде) қару ұңғысын нысананың жоғарғы жағына бағыттамау;
- Қаруды оқтау және оқсыздандыруды Жарғыда көрсетілген тәртіптерге сәйкес арнайы орындарда жүргізу;
- Қаруды қолданғаннан кейін, егер атысты жүргізуді тоқтататындай жағдай туса, қажетті түрде ұңғылықтан патронды шығару қажет (оқжатарды ағытып, сақтандырғыштан алып, ұңғылықтан патрондарды шығарып, ағытқыш ілмекті бақылап атып тексеру, сақтандырғышқа қою, оқжатардағы қалған патрондарды шығару, оқжатарды жалғау).

2. ШАҒЫН КАЛИБРЛІ ВИНТОВКА

5,6мм шағын калибрлі винтовкалардың ұрыстық қасиеттері мен арналуы.

Ату спортында қолданылатын барлық винтовкалар 4 класқа бөлінеді:

- Қызметтік - калибрі 8 мм-ге дейін, салмағы 5 кг-ға дейін, ұзындығы 125 см;

- өзіндік құрастырылған (произвольный) калибрі 5,6 мм-8 мм дейін, салмағы 8 кг-ға дейін, ұзындығы 121 см;
- спорттық шағын калибрлі-5,6 мм, салмағы 5 кг-ға дейін, ұзындығы 113 см;
- пневматикалық калибр -4,5 мм салмағы 5 кг-ға дейін, ұзындығы 113 см.

Спорттық шағын калибрлі СМ-2 «Урал», ТОЗ-8, ТОЗ-12 винтовкаларға қарапайым түрдегі ағытқыш механизмдер орнатылады. Бұлар жарыстарда және спорттық атып үйретудің алғашқы кездерінде қолданылады. Оптикадан басқа, кез-келген көздеуішті орнатуға болады. Қарауылының ұзындығы 5 см дейін рұқсат етіледі, оның диаметрі 2,5см дейін, қарауылдың ортасынан ұңғы өсіне дейінгі қашықтық 4см кем болмайды. Спорттық винтовкалардан орындалатын жаттығулар: ШКВ-1(МВ-1) ж/е ШКВ-2(МВ-2), атыс жатып, 25 м қашықтықта №6 нысанаға ж/е 50м қашықтықта №7 нысана бойынша, ал ШКВ-7(МВ-7) стандартты (атыс үш ыңғайдан –жатып, тұрып, тізеден) 25м қашықтықта №6 нысанаға, ал 50м қашықтықта №7 нысана бойынша жүргізіледі.

Спорттық винтовкалардың негізгі конструктивтік сипаттамасы

Класс	Калибр	Салмақ	Винтовканың ұзындығы	Ұңғы	Көздеу сызығы
ТОЗ-12	5,6мм	3,5 кг	1100 мм	640 мм	750
СМ-12	5,6мм	5 кг аспайды	1100 мм	680 мм	780-810
Урал	5,6 мм	5 кг аспайды	1135 мм	680 мм	760-810

Шағын калибрлі винтовкада бар:

- Ұңғы, ұңғылы қорабы;
- Соққы-ағытқыш механизмі (ударно-спусковой механизм);
- Көздеу аспаптары (көздеуіш және қарауыл);
- Құнтағы және дүмі ;
- Ұңғылы қораптың қақпағы

Винтовкалардан ату кезінде көздеу тетіктерінің 3 түрі қолданылады: ашық, диоптикалық және оптикалық. Спорттық винтовкамен ату кезінде тек ашық және диоптикалық көздеуіштер қолданылады.

Көздеуіштің ашық деп аталуы қарауыл мен кесінді түрі жартылай дөнгелек болмаса тік бұрыш болып келеді, ал (ТОЗ-8, ТОЗ-9) көздеуіш планкасының жалында орналасады.

Диоптикалық көздеуіш дегеніміз - тарельден (целик) кішкентай дөнгелек тесіктен (диоптикалық) ашық көздеуіштердегідей көздеу мақсаты үшін арналған. Қарудағы қарауылдар (УРАЛ, ТОЗ-12, МЦ-13 «Тайфун») тік бұрышты және дөнгелек тәрізді болып келеді. Микрометрикалық винтовкалардың тарельді диоптрикалды тесіктері тігінен және көлденең бағытта айналады. Бұл винтовкалардың басы жәймендеп айналмайды, арнайы бекіткішінің (фиксатор) әсерінен секіру тәрізді немесе спортсмендерде айтылатындай секіру (щелчок) сияқты. Ережеге сәйкес оның бірдей адым аралығы тең болады. Сол себептен тік және көлденең жұмысын бірдей

реттейді. Диоптикалық көздеуіші бар винтовкамен ату барысында орташа тию нүктесінің орналасуы, 50 метрден бір шертуге келтіру. МЦ-12,СМ-2,Урал-2,5м, ТОЗ- 12-4; ТОЗ-8-5мм.

Винтовканы бөлшектеу және жинау тәртібі

Оқытушы тыңдаушылардың естеріне салуы тиіс, спорттық қарулар бөлшектеу толық және толық емес болуы мүмкін. Винтовканы толық бөлшектеу жөндеу немесе реттеу қажет болған жағдайда жүргізіледі. Басқа кездердің барлығында толық емес бөлшектеу жүргізіледі. Сабақта үйренушілерге шағын калибрлі винтовкаларды бөлшектеу мен жинау тәртібін үлгі ретінде жасап көрсетіп, түсіндіріп, содан кейін өздеріне толық емес бөлшектеу мен жинауды жасатып жаттықтыру. Винтовканы толық емес бөлшектеу қарау, тазалау және майлау үшін жүргізіледі.Бөлшектеу алдында оны міндетті түрде оқсыздандырған ба екендігін тексеру қажет.

Толық емес бөлшектеу тәртібі

- 1.Ұңғы қорапшасының қақпағын бөлектеп алу.
- 2.Бекітпені бөлектеп алу.
- 3.Бекітпені бөлшектеу.

Толық емес бөлшектенген винтовканы жинастыру тәртібі


- 1.Бекітпені жинау.
- 2.Бекітпені қосу.
- 3.Ұңғы қорапшасының қақпағын қосу.
- 4.Ағытқыш ілмекті басып тексеріс жүргізу.

а) ТОЗ-8 (ТОЗ-12)ШАҒЫН КАЛИБРЛІ ВИНТОВКАНЫҢ АРНАЛУЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ҰРЫСТЫҚ ҚАСИЕТІ


Тула қару-жарақ зауытының ТОЗ-8 (1-сурет) шағын калибрлі винтовкасы атқыштарды алғашқы атуға үйрету және жаттықтыруға арналған.

Винтовканың ұрыстық қасиеті: калибрі — 5,6 мм; салмағы: ТОЗ-8—3,12 кг, ТОЗ-12 - 3,5 кг; оқтың бастапқы ұшу жылдамдығы - 310 м/с-ге жуық; ату жылдамдығы -минутына 10-12 рет; көздеу қашықтығы - 250 м; оқтың алысқа ұшу қашықтығы — 1200-ден 1600-ге дейін; оқтың қиратқыш күші 800 м-ге дейін.


Шағын калибрлі винтовканың негізгі бөлшектері мен механизмдері: ұңғы, темір сынасы бар ұңғы қорапшасы, ағытқыш механизм, қақпақтың сырт жағы (калпақша), көздеуіш (ТОЗ-8 - ашық, ТОЗ-12 – диоптриалық) (2-сурет)




1-сурет. ТОЗ-8 шағын калибрлі винтовкасы: 1 - ұңғы; 2 – карауыл қалқаны; 3 - көздеуіш; 4 - ұңғы қорапшасы; 5 - қалпақша; 6 - бекітпе; 7 - бекітпенің сабы; 8 - құндақ; 9 - дүмі; 10 – құндақтың мойны; 11 - құндақ сағағы; 12 - жоғары қазықша (ілгегі); 13 - төменгі қазықша (ілгегі); 14 - ағытқыш доға; 15 - ағытқыш ілмек




2-сурет. Темір сынасы мен ағытқыш механизмі бар ұңғы қорапшасы: *a* - ағытқыш механизмі бар ұңғы қорапшасы; *ә* - темір сына; 1 - иінді ойық; 2 - оқсауытты оқтауға және оны атылғаннан соң лақтыруға арналған саңылауы 3 - оқ-дәрілі газдарды бұрып жіберуге арналған саңылау (оң жағындағы); 4 - ағытқыш серіппе тағанына арналған саңылау; 5 - артқы бұрандаға арналған саңылау; 6 - тіреу; 7 - ағытқыш ілмек; 8 - ілмекті ағытқышты шүріппемен біріктіретін өсі; 9 - ағытқыш серіппе; 11 - ілмектің соңғы шеті; 11 - ағытқыш серіппе тағаны; 12 - ағытқыш серіппе бұрандасы; 13 - қайтарғыш дөңесі; 14 - бекітпенің ұрыстық личинкаларын жіберуге арналған саңылау; 15 - бойлық қиғашты бағыттаушы саңылау; 16 - ағытқыш серіппе бұрандасына арналған саңылау;



3-сурет. Көздеу аспаптары: *a*-көздеуіш; *ә*-карауыл; тесікті қыр; 2-көздеуіш пластинасының қамытшасы; 3-белгі сызықтары бар көздеу пластинасы; 4-құлақшалары бар көздеу қалыбы; 5-көздеу пластинасының түйреуіші; 6-карауыл; 7-карауыл қалқаны; 8 - карауыл түбі; 9- белгілер



4-сурет. Бекітпе: а-жиналған түрде; а-бекітпе детальдары; 1-ұрыстық личинка; 2-сапты бекітпенің сабақшасы; 3-шүріппе; 4-шүріппе түйреуіші; 5-соққыш; 6-жалғастырғыш; 7-жалғастырғыш түйреуіші; 8-соққы серіппесі



5-сурет. Құндақ: 1 - дүмнің бас жағы; 2 - дүм; 3 - мойын; 4 -артқы бұрандаға арналған ұяшық; 5 - бекітпе сабына арналған ойма; 6 -қазықша; 7 - сағағы; 8 - тіреу бұрандасына арналған тесік; 9 - ағытқыш механизміне арналған саңылау

карауыл (ТОЗ-12 - ауысымды), бекітпе (4-сурет), құндақ (5-сурет).

ТОЗ-12 шағын калибрлі винтовкасы ТОЗ-8 винтовкасының жақсар-тылған спорттық үлгісі болып табылады.

3.ҚЫСҚА ҰҢҒЫЛЫ СПОРТТЫҚ ҚАРУЛАР

а) Топтастыру және қысқаша сипаттамалары

Ату спортында қолданылатын тапаншалар мен револьверлер төрт классқа бөлінеді:

-кең калибрлі, қызметтік (ТОЗ-36-49), ең ұңғылы револьвер, МТ (калибрі-7,62-9,65мм);

-өзіндік құрастырылған шағын калибрлі (бір оқты-және өзі оқталатын-калибрі-5,6мм), МЦ-2,ИЖ-1,ТОЗ-35,МЦ-55-1,ИЖ-ХР-31;

-спорттық (стандартты) ұзын патронды (калибрі-5,6мм), оқжатарға 6-10 патрон сияды, МЦ-1,ИЖ-ХР-30, Марголин тапаншасы.

-пневматикалық(калибрі-5,4мм) бір оқты МЦ-50-2, газды баллонды Соловьёв тапаншасы-ГБС, 65 үлгісіндегі Файнвергбаум тапаншасы ГФР.

Өзіндік құрастырылған бір оқты тапаншалар ШТ-3 жаттығулары, ал ШТ-6 50м. қашықтықта №4 нысана бойынша баяу атыстар жүргізіледі.

Өзіндік құрастырылған көп оқты тапаншасынан ШТ-7 жаттығуы, ал ШТ-8- ашық көздеуіште 25м. қашықтықта №1нысана кескіні бойынша баяу атыс жүргізіледі.

Ұзынды патронды шағын калибрлі спорттық үлгідегі(стандартты) тапаншасынан ШТ-1,ШТ-2,ШТ-4,ШТ-5,ШТ-9,ШТ-10 қара түспен шеңберленген №4 нысана бойынша баяу ату жаттығулары, ал 25м. қашықтықта кескін №4 нысана бойынша жылдамдықта ату орындалады.

Пневматикалық тапаншалардан №9 нысана бойынша 30м. қашықтықта ПТ-1,ПТ-2,ПТ-3 жаттығулары орындалады.

Өзіндік құрастырылған тапаншалар-калибрі-5,6мм, салмағы-1-1,5 кг, қарудың ұзындығы-300-400мм, ұңғының ұзындығы-135-300мм, көздеуіш белгі сызығының ұзындығы 240-400мм.

Спорттық тапаншалар-калибрі 5,6мм, салмағы 1-1,2кг, қарудың ұзындығы 240-275мм, ұңғының ұзындығы 150-160мм, көздеуіш белгі сызығының ұзындығы 190-276мм.

Пневматикалық тапаншалар-калибрі 4,5мм, салмағы 0,8-1,1 кг, қарудың ұзындығы 390-412мм, ұңғының ұзындығы 290мм, көздеуіш белгі сызығының ұзындығы 345-355мм.

ә) шағын калибрлі тапаншалардың жалпы құрылымы

Негізгі бөліктері мен механизмдері:

- қаңқасы(рамкасы);
- ұңғы;
- көздеу аспаптары;
- бекітпе;
- соққы-ағытқыш механизм;
- қайтармалы механизм;
- оқжатар;

Марголин конструкциясымен ойлап шығарылған тапаншасы жаппай ату спортына, сондай-ақ дәрежелі-спортсмендерді дайындауға және 50м. қашықтықта жауапты атуды орындауға арналған. Жұмыс принципі оқ-дәрідегі газ энергиясының әсер етуінен бекітпенің еркін қозғалуына және оқсауыттың(гильза) артқы жағын сығып және бекітпені соңғы артқы қалыпқа лақтыруға негізделген. Атылған патронның оқсауытын шығарып, оқ жіберіп тұрушы энергияның әсер етуінен серіппе келесі патронды жібереді, ал бекітпе энергияның әсер етуінен қысылған қайтарушы серіппенің әсерінен алдыңғы қалыпқа келіп, канал ұңғысын толықтай жабады. Тапанша келесі атуға дайын.

Көздеу тетіктері қарауылдан, жоғары және төмен ауыстырып бұрайтын маховик пен көздеуіштен тұрады. Сондай-ақ маховикті көлденең бағытта да бұрап ауыстыруға болады және ол арнайы арналған ұяда орнатылады. 25м

қашықтықта атыс жүргізу барысында нысананы (қарауылды) бір шертуге, ал маховик 12,4мм ауыстырылады.

Соққы-ағытқыш механизмдердің бөлшектері:

- серіппелі соққы(ударник с пружиной);
- шүріппе тартушысы;
- соққы серіппесі(боевая пружина) және шептало;
- ағытқыш тартушысы мен ағытқыш ілмегі;
- сақтандырғыш;
- ағытқыш тартушысының серіппесі ж/е ағытқыш ілмектің шепталосы.

Қайтарма механизмінің бөлшектері: жалғастыратын тетік, түтік, серіппе, ұңғының тұйықтаушысы.

Оқжатардың бөлшектері: қақпағы, ысырмасы(защелка), жіберіп тұрушы, жіберіп тұрушының серіппесі, сырты.

Б) Марголин тапаншасын толық емес бөлшектеу және жинау реті

Тапаншаны толық емес бөлшектеу тазалағанда, майлағанда және қарап тексеру үшін жүргізіледі. Бөлшектеу алдында ұңғылықта және оқжатарда патронның бар-жоғы тексеріледі. Бөлшектеу толық және толық емес болуы мүмкін. Толық емес бөлшектеудің тәртібі:

- оқжатар ысырмасын сығу;
- оқжатарды шығарып алу;
- қайтару механизмдегі тетік басын тартып бұру;
- ұңғы тұйықтаушысын шығарып алу;
- қайтару механизмді алу;
- бекітпені шығарып алу.

Тапаншаны жинау кері жүйелілікпен жүргізіледі.

4. Атыс кезіндегі кідірістер, қалпына келтіру әдісі

Шағын калибрлі тапаншалардан ату кезіндегі кідірістер оқжатары бар барлық түрдегі атыс қаруларында болатын кідірістерге ұқсайды.Шағын калибрлі қарулардан ату кезіндегі кідірістерді алдын алу және оның тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қажетті түрде:

- оны атуға дұрыс дайындау;
- уақытылы барлық ережені сақтай отырып, тапаншаны тазалап майлау және ұқыпты түрде тапаншаның барлық бөлшектерінің жақсы тазаланып майланып жұмыс істеуін байқау;
- уақытылы ақауын тауып оны жою болмаса жөндеу;
- атуды жүргізу алдында патрондарды қарап тексеру, жарамсыз және тот басқан, сондай-ақ лас патрондар болса оларды қолданбау.

Егер тапаншамен ату кезінде кездейсоқ атылмай(осечка-от алмауы) қалса, онда оны қайтадан оқтау арқылы жоюға тырысу, егер одан да кейін тапаншаның ату кідірісі жойылмаса, кідіріс себебін анықтап, оны қалыпқа келтіру.

Кідіріс	Кідірістің себебі	Кідірісті жою әдісі
Атылмай қалу	Патрон жарамсыз	Тапаншаны қайта оқтау
Патрон ұңғылықта	Соққы-ағытқыш механизм бөлшектерінде майдың қоюланып қатып қалуы	Майларды кетіріп, тапаншаны оқтау
Бекітпе алдыңғы жағдайда	Соққының шығу жолы аз болмаса ол сынған	Тапаншаны шеберханаға жіберу
Бекітпенің ұңғылықты жаппауы	Патронның ұңғылықтың, жіктердің, бекітпенің немесе қайтармалы механизм бөлшектерінің ластануы,	Тапаншаны қайталап оқтап атуды жалғастыру. Оғын алып тастау және тазалау
Оқжатардан патронның ұңғылыққа берілмеуі	1.Оқжатардың ластануы. 2.Оқжатар шеті мен жоғары жағының майысуы	Оқжатарды тазалау.Жарамсыз оқжатарды ауыстыру.
Бекітпенің оқсауытты қысып қалуы	1.Тапаншаның жылжымалы бөлшектерінің ластануы. 2.Серпігіш(выбрасыватель) болмаса қайтарғыштың жарамсыздығы	Тапаншаны қайталап оқтау. Шеберханаға жіберу.
Автоматты түрде атылу	1.Майдың қоюланып қатып қалуы болмаса соққы-ағытқыш механизм бөлшектерінің ластануы. 2.Шүріппенің(курок) немесе шептало шүмегінің тозуы. 3.Шептало серіппесінің босауы болмаса тозуы	Оғын алып қарап тексеру және тапаншаны тазалау. Шеберханаға жіберу.

5. Қаруды тазалап майлау

Сұрақты қарастыру барысында оқытушы тыңдаушылардың назарына қарудың барлық кезде таза, толықтай жарамды және әрдайым қолдануға дайын болуын, ол үшін оны уақытылы тазалап, майлап отыру қажет екендігін түсіндіреді.Қаруды тазалау және майлау арнайы құралдар мен материалдардың көмегімен жүргізіледі.

Винтовканы тазалау атуға дайындар алдында және атуды аяқтаған соң жүргізіледі. Винтовканы тазалау барысында тыңдаушылардың назарына:ұңғының бас жағын сүмбімен тазалауға қатаң тыйым салынатындығын, себебі сүмбі ұңғының ішіндегі ойық пен өріс қырларын сызады да, атыстың шоғырлануын төмендетеді. Қаруды тазалағаннан кейін оны тез арада майлау қажет. Сондықтан оқытушы бұл қалай жасалатындығын, майлайтын және сүртетін материалдардың үлгілерін көрсетіп, не үшін арналғанын түсіндіреді. Бұл сұрақтарды винтовканы бөлшектеу және жинау туралы оқулық сұрақтардан кейін болмаса сабақ соңында да қарастыруға болады. Оқытушының бақылауымен тыңдаушылардың өздері тазалау мен майлауды тәжірибелік іс жүзінде орындап жаттығады.

Тапаншаны тазалау және майлау

Тапанаша барлық кезде таза жерде сақталып, қолдануға жарамды боуы тиіс. Сондықтан оны уақытылы дұрыстап тазалап, майлап, ұқыпты қолданып, сақтау керек.

Шағын калибрлі тапаншалар тазаланады:

-атыстан кейін және одан кейінгі 3-4 күн бойы күн сайын жүргізіледі;

- егер қолданылмаса, онда екі аптада бір рет жүргізіледі;
- тапанаша консервациялауда болғаннан кейін жүргізіледі.

Майлау тек жақсы тазартылған және құрғатылған тегіс металда жүргізіледі. Тазалау арнайы бөлек орындарда жүргізіледі.

Тазалауға пайдалынады:

- сұйық қару майы- ауаның +5°C және одан жоғары температурасында тазалап болған соң ,ұңғы арнасын және бөліктер мен механизмдерін майлау үшін;
- ҰТЕ (ұңғы тазалау ерітіндісі) ерітіндісі: ұңғы арнасын тазалау және дәрілі газ әсеріне ұшыраған тапаншаның басқа да бөліктерін тазалауға арналған;
- шүберек немесе КВ-22 қағазы-тапаншаны сүрту, тазалау және майлау үшін;
- талшықтан тазартылған кендір (қысқа зығыр талшықты)- тек қана ұңғыны тазалау үшін.

Егер атыстан кейін тапанша сұйық қару майымен сүртілсе онда қажетті түрде ҰТЕ тазалау керек.

Тапаншаны тазалау және майлау тәртібі:

- тазалайтын және майлайтын заттарды дайындау;
- керек-жарақ саймандарды қарап шығу;
- тапаншаны бөлшектеп қарап шығу;
- ұңғы арнасын тазалау;
- тапанша жиектемесін тазарту;
- бекітпені және қайтармалы механизмді тазарту;
- соққы-ағытқыш механизм бөлшектерін тазарту;
- тапаншаның сабын құрғақ шүберекпен сүрту;
- оқжатарды тазарту;
- сұрткішті сүрту.

Майланады: тапаншаның ұңғы арнасы және қалған темір бөлшектері мен механизмдері. Майлап болған соң тапаншаны жинау. Аязда ұстаған тапаншаны бірден жылы орынға әкеліп, қашан оның буланып суы кетпейінше тазалап майлауға болмайды. Ұзақ мерзімге сақтауға тапсырылған тапанша мұқиятты түрде тазартылып, ингибитирленген бір парақ қағаз бен парафинделген екі парақ қағазына оралынып, қалың қатырма қағаздан жасалған (картон)қорапқа салынады.

Қорытынды бөлім 5 минут: Сабақты талдау. Қорытынды жасап, бағаларын хабарлау. Өзіндік дайындыққа тапсырма беру. Келесі сабақтың тақырыбын хабарлау.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:

- 1.Қарудың арналу түрлері?
- 2.Қарудың ұрыстық қасиеттері?
- 3.Қаруды бөлшектеу және жинау тәртібі? Жіберілетін қателіктер.
- 4.Атыс кезінде болатын кідістердің себептері және оларды жою әдісі?
- 5.Қашан және неліктен қару тазаланып майланады?
- 6.Қаруды тазалауға және майлауға қандай керек-жарақ саймандар қажет?
- 7.Қаруды тазалау және майлау тәртібі қандай?
- 8.Қаруды қалай атуға дайындайды?
- 9.Құрастырылған қаруды ату алдында қалай тексереді?

10. Қаруды және оқтарды дайындай дегенді қалай түсінуге болады?
11. Қарудың атысын тексеру тәртібі?
12. Қару қалыпты атысқа қалай келтіріледі?

Әдістемелік ұсыным ПӘС мәжілісінде талқыланып мақұлданды.
Хаттама № _____ 2016ж.

ПӘС-ның төрағасы
полиция подполковнигі

С.Ж.Тоқтабеков